

Ғ.А. Садыров^{1*}, Г.Ә. Садыр², Г.А. Садырова³, Г.А. Садырова¹, Н.О. Макашева⁴

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Алматы менеджмент университеті, Қазақстан

³Ғылымды дамыту және инновациялық технологиялық білім беру институты, Алматы, Қазақстан

⁴С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан
(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gani-s@mail.ru)

Жоғары білім беру саласындағы оқытушылық қызметтің кейбір мәселелері

Мақалада жоғары білім беру жүйесіндегі экономикалық құрылымы мен әлеуметтік-экономикалық қатынастары сипатындағы өзгерістер қарастырылған. Қабылданған білім беру басымдықтары, білім берудегі нарықтық қатынастар, ғылыми-зерттеу жұмысы мен оқу үрдісінің өзара қарым-қатынасы талданып, жоғары оқу орны оқытушысының жұмыс уақытын жоспарлау мәселелеріне ерекше назар аударылған. Оқыту сапасына, технологиялық инновациялар, жоғары білім беру жүйесіндегі ғылыми және білім беру жетістіктері мәселелеріне қойылатын талаптар зерттелген. Жаңашылдық, зияткерлік мәдениет және шығармашылық түріндегі даму деңгейлері арқылы оқу үрдісінде қолданылатын оқытушының педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмысының өзара байланысы қарастырылды. Сонымен қатар, оқытушының ғылыми жетістіктерін өз қызметін ұйымдастыруда әдістемелік құрал ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы сөз етіледі. Студенттерді оқыту үрдісінде ғылыми әдістерге негізделген логикалық ойлау, талдау, қорытынды, мәліметтер жинау сияқты ғылыми үрдістерді тиімді пайдалану тиіс. Оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері, оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, шет елдердің жоғары оқу орындарындағы инновациялық жетістіктер туралы талданды. Университеттің ұйымдастырушылық жұмысының оқытушының ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметінің тиімділігі мен нәтижелігіне әсері туралы ой қозғалды. Сауалнама негізінде университет оқытушысының ғылыми-педагогикалық қызметіндегі шет тілінің маңызы мен рөлі анықталады. Жүргізілген сауалнама оқу жүктемесінің диспропорциясының күрделі өзара байланыстылығын анықтады. Бұл өз кезегінде оқытушыға өзінің ғылыми мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтіндігі туралы айтылды. Мақала авторлары университет оқытушысының ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру үшін университетте оқытушының қызметін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері қажет деген қорытындыға келген.

Кілт сөздер: оқу жүктемесі, ғылыми-зерттеу жұмыстары, оқытушылық қызмет, жоғарғы оқу орындары, құзыреттіліктер, білім беру, оқу үрдісі, оқу-ұйымдастыру жұмыстары, оқыту сапасы, оқытушының біліктілік деңгейі.

Кіріспе

Бүгінгі күні әлемнің кейбір елдері бір жағынан жаһандық экономикаға интеграцияланудың серпінді көрінісін бейнелесе, екінші жағынан өздерінің мәдениетін, тілін, ұлттық ерекшеліктерін дүниежүзіне паш етуде. XX ғасырдың бас кезінде бұл елдердің кейбіреулері кедей елдердің қатарына жатқызылса, осы күні өнеркәсібі дамыған, өмір сүру деңгейі мен сапасы жағынан экономикасы озық әлемнің алдыңғы қатардағы мемлекеттердің қатарына таяп қалғандығын көрсетіп отыр. Бұл үрдістер білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізіп елдер арасындағы өзара ынтымақтастықтың мазмұнын, білім құндылықтарының артуы, ғылымның өндіріске тартылуы, шаруашылықты ұйымдастыру мен жүргізудің жаңа үлгілерінің пайда болуы, коммуникация мен байланыс мәселесінің бірінші орынға шығуы секілді көптеген өзгерістерге әкелді.

Осыған орай, экономикалық құрылыс пен әлеуметтік-экономикалық қатынастардың да сипаттарының өзгеруі бұған дейінгі қабылданған білім беру басымдықтарды түбегейлі өзгертіп, білім беру саласына нарықтық қатынастардың енуі, зерттеу мен оқытушылықтың байланысының мазмұнын өзгертті [1]. Жоғары оқу орны оқытушысының педагогикалық қызметі күннен-күнге ұлғайып әрі күрделеніп, ақпарат пен еңбек нарығының талаптарына сай үнемі жаңартылып отыратын білім беру бағдарламалары мен оқытушылардың инновациялық технологияларды пайдалануға деген талпынысымен ерекшеленіп отыр. Қазіргі таңда оқытушының қызметі ғылыми-зерттеу мен жарияланымдық белсенділікке бағытталуда. Сондықтан да бұл салада оқытушының қызметінде уақыт факторын ескере отырып, оқытушылық пен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда оңтайлы үйлесімділікті қажет етеді.

Зерттеу әдістері


Тақырыпты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізінде авторлар оқу жұмысының сапасын бағалаудың заманауи әдістемелерінің жетістіктеріне негізделген шетелдік және отандық жоғары оқу орындарындағы педагогикалық зерттеулердің қорытындыларын басшылыққа алады. Зерттеу барысында зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, сауалнама жүргізу, бақылау, сұхбаттасу, алынған нәтижелерді талдау, салыстыру, оқытушылар жұмысының тиімділігін бағалау технологиялары сияқты жалпы ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Авторлар шетелдік ЖОО оқытушыларының ұйымдастыру мен жұмыс жүктемесін, соған байланысты оқытушылар жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін қарастырды. Зерттеуде жоғары оқу орындарының оқытушысының оқу қызметін ғылыми талдаудың негізгі объектілері кәсіби құзыреттілік, оқытушы шеберлігінің көрсеткіштері, ғалым және кәсіпқой ретінде оқытушыға қойылатын талаптардың жиынтығы, педагогикалық ғылымның әдістері пайдаланылды.

Нәтижелері мен оларды талқылау

ЖОО оқытушысының ғылыми-зерттеу жұмысы жаңа білімдерді алу мақсатында ғылыми ізденіс пен зерттеулерді жүргізумен байланысты. Ғылыми-зерттеу жұмысы оқытушының жиналған кәсіби тәжірибесі негізінде білімді жүйелендіру мен талдау қабілеттілігін арттырады. Жоғары білім берудің сапасы мен оқытушылардың ғылымға тартылуы және ғылыми жұмыстарға қатысу белсенділігі ұлт деңгейіндегі қоғамымыздың өркениетті болашағының қалыптасуына мультипликативті әсер ететінін көпшілік күні бүгінге дейін ұғынамай отыр. Осы бағыттағы шет елдердегі жоғары оқу орындары оқытушыларының жұмысын ұйымдастыру мен оқу жүктемесі және сонымен байланысты оқытушылардың жұмысының тиімділігі мен нәтижелігі біз үшін қызығарлықтай болып отыр (сурет 1, кесте 1.)

Ұлыбританияда ЖОО оқытушысының аудиториялық жүктемесі орта есеппен 720 сағат көлемін құрайды, алайда «аудиториялық жүктеме» түсінігіне оқытушының сабаққа дайындалуға, студенттерге жеке кеңес беру (офистік сағаттар), студенттердің жұмыстарын рецензиялау мен бағалау жұмыстарына кеткен уақытта кіреді. Нәтижесінде аудиториялық жүктеме, яғни аудиторияда сабақ беру уақыты аптасына 3-4 сағатты құрайды.

Францияда, әдетте, жоғары оқу орындары оқытушылары оқу жылында 192 сағат көлемінде тәжірибелік (семинар) сабақтарын немесе 128 сағат көлемінде дәріс сабақтарын жүргізуі тиіс [2].



Сурет 1. Қазақстан және әлемнің кейбір елдеріндегі жоғары оқу орындары оқытушыларының жылдық оқу жүктемесінің төменгі/жоғарғы мөлшері (сағат саны)

Америка Құрама Штаттарында университет профессорының жылдық оқу жүктемесі орта есеппен 240 сағатты немесе аптасына 9 сағат аудиториялық сабақтардан тұрады. Сабақтарға дайындалу

үшін аптасына 9-12 сағат және 4 сағат мөлшерінде кеңес беру сағаттары қарастырылған. Осыншама сағат мөлшерінде кафедра жиналыстары мен әртүрлі комиссия жұмыстарына қатысу үшін беріледі [3].

Кесте 1

Әлем елдері арасында ғылыми-зерттеу белсенділігінің көрсеткіштері*

	Елдер**	Ғылыми-зерттеу басылымдардың (мақалалардың) саны	Елдегі бір ПОҚ-қа шаққандағы ғылыми мақалалардың орташа саны	Әлем елдері тұрғысынан ғылыми мақалалардың пайыздық үлесі (%)***
Қытай және Азия елдері	Қытай	528 263	0,3	21,76
	Индия	135 788	0,1	5,59
	Жапония	98793	0,1	4,07
	Оңтүстік Корея	66 376	0,2	2,73
	Индонезия	26 948	0,1	1,11
	Малайзия	23 661	0,2	0,97
	Таиланд	12 514	0,1	0,52
	Сингапур	11 459	0,6	0,47
	Австралия	53 610	1,05	2,21
АҚШ, Канада	АҚШ	422 808	0,2	17,42
	Канада	59 968	0,4	2,47
	Бразилия	60 148	0,1	2,48
Таяу Шығыс елдері	Түркия	33 536	0,2	1,38
	Иран	48 306	0,1	1,99
	Египет	13 327	0,1	0,55
	Пакистан	12 904	0,1	0,53
	Сауд Аравиясы	10 898	0,1	0,45
Европа елдері	Германия	104 396	0,2	4,30
	Ұлыбритания	97 681	0,6	4,02
	Италия	71 240	0,7	2,93
	Франция	66 352	0,6	2,73
	Испания	54 537	0,3	2,25
	Польша	35 663	0,3	1,47
	Чехия	15 577	0,9	0,64
	Финляндия	10 599	0,6	0,44
	Венгрия	6 701	0,3	0,28
	Словакия	5 231	0,4	0,22
	Литва	2 267	0,1	0,09
ТМД елдері	Ресей	81 579	0,3	3,36
	Украина	10 380	0,06	0,43
	Қазақстан	2 367	0,06	0,10
	Беларусь	1 180	0,03	0,05

*Дерек көзі: **National Science Foundation: Science and Engineering Indicators 2019**. <https://gtmarket.ru/ratings/scientific-and-technical-activity>. Мәліметтер 2018 жылдың негізінде (2019 жылы басылып шықты).

**Кестедегі келтірілген елдер 197 елдер арасынан теріліп алынған.

***Кестедегі келтірілген елдердің алатын пайыздық үлесі 197 елдің көрсеткіштері негізінде есептелінген. Басқа елдердің алатын пайыздық үлесі 9,8% құрады.

Әдетте Қытай университеттерінің оқытушылары міндетті түрде апта бойы дәріс оқуға тиіс. Оқу жүктемесі аптасына 12-18 сағат, сонымен қоса студенттердің орындаған жұмыстарын тексерумен бағалауға және студенттердің академиялық қарыздарын қабылдау үшін қосымша жұмыс сағаттары бе-

ріледі. Кейбір университеттер оқытушылардан әртүрлі үйірмелер мен орталықтарда инструктор болуды талап етеді. Оқытушылар аптасына 3-4 күн сабақ береді, бұның нәтижесінде олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналасуға мүмкіндігі болады [4].

Бүгінгі таңда жоғары білім берудегі көріп отырған проблемаларды келесідей топтастыруға болады:

1. Маман даярлауда құзыреттілік тәсілді түсіну және іске асыру;
2. Құжаттамалық айналымға қойылатын талаптардың жоғарлауы;
3. ЖОО білім беру кеңістігінің мониторингі жүргізілуі;
4. Жоғары оқу орнының «табыстылығының» индикативтік көрсеткіштері;
5. ЖОО мен түлектердің рейтингісі;
6. Профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілік деңгейі [5].

Сонымен қоса, еліміздің жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың жұмыс уақытысын жоспарлау өзекті мәселенің бірі болып отыр. Өйткені қағазбастылық, алуан түрлі есептер, оқу жүктемесінің жоғары болуы мен білім беру сапасына қойылатын талаптардың күшеюі оқытушылық қызметті қиындататыны сөзсіз. Осының нәтижесінде оқытушының дамуы мен шығармашылық өсуі, дәлірек айтқанда, кәсіби біліктілігін арттыру мен ғылыми-зерттеу жұмыстары секілді аса маңызды істерге уақыттың жетіспеушілігі оқытушылар қауымдастығын алаңдатып отыр.

Ресейдің жоғары оқу орындарында жұмысты ұйымдастыру саласындағы зерттеушілердің бірі Е.В.Балацкийдің пікірі бойынша, оқытушының 2-3 пәнді бір оқу семестрінде жүргізуі қалыпты әрі дұрыс жағдай деп санайды, ал пәндер санының 5-6-ға ұлғаюы міндетті түрде оқытушылықтың сапасын мүлдем жокқа шығарады деген тұжырымды келтіріп отыр [6].

Шыны керек, еліміздегі университеттердің көпшілігінде оқытушылар өзінің жылдық жүктемесін толтыру үшін бір оқу кезеңінде 6-7 түрлі пәндерді жүргізуге мәжбүр. Осындай жағдайда оқытушылықтың сапасы туралы айтудың өзі өте күрделі мәселе.

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындары академиялық революциясымен негізделіп отырған екі іргелі әрі құрамдас бөліктермен сипатталатын, яғни 1) студенттер санының өсуіне алып келетін білім берудің жаппайландырылуы; 2) талантты мамандарға ғаламдық білім экономикасының жаңа талаптарды қоюы, білім берудің ғаламдық нарық трендтерінің ырқына қарай бейімделіп қайта бағдарлану үрдістерін көруге болады [7].

Әлем елдерінің жоғары білім беру жүйелерінің басым бөлігі көптеген өзгерістермен жаңашылдықтарды бастан кешіруде. Дәлірек айтсақ, онлайн білім беруді жаппай енгізу, университет кітапханаларының сандық жүйеге көшуі, ғылым мен зерттеу саласында оқытушылардың ізденістерін коммерциализациялауға талпынысы, әртүрлі білім беру орталықтары тарапынан бәсекенің күшеюі секілді үрдістер мен іс-әрекеттерді айтуға болады.

Осы күнгі университет оқытушысының кәсіби қызметі: оқытушылық, ғылыми-зерттеу және факультет тарапынан әкімшілік жұмыстарынан тұрады.

Әлемнің білім беру қауымдастығы тарапынан бәсекенің күшеюі мен заманауи өзгерістер және одан туындап отырған жаңа талаптар, біздің ойымызша, жоғары білім беру орындарынан өзге нәрселерге алаңдамай, бар зейін мен күш жігерді оқытушылық пен ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмылдыруды талап етеді. Әрине, бір жағынан, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқытушының жаңа білім мен ақпараттануына, шығармашылық өсуіне және оқыту үрдісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, оқытушылық жұмыс оқытушы уақытының негізгі бөлігін алатыны сөзсіз. Соңғы кездері еліміздің кейбір жоғары оқу орындары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналасуға бет бұруды жөн көрсе, кейбіреулері үшін білім алушылардың оқу ақысы негізгі қаржы көзі болуына байланысты тек студенттерді оқытумен шектеліп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын екінші, кейде үшінші кезектегі орынға қойып отыр. Әрине, жоғары оқу орны үшін оқытушылық қызмет негізгі әрі басты мәселе, бірақ ғаламдық деңгейдегі болып жатқан технологиялық жаңашылдықтар, ғылым мен білім жетістіктерінің өндіріс пен бизнес үрдістеріне тез енуі, университеттер тарапынан ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыстарды елемеуге болмайды. Осыған байланысты, әлемнің танымал жоғары оқу орындарында университеттің мамандануы мен профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми ізденіс бағыттарының ырқына қарай ғылыми-зерттеу орталықтары мен ғылыми мектептердің ашылуын құптап, олардың жұмыс істеуіне барынша ерік беріп, қолдап отыр. Ақпараттық алмасу саласындағы технологиялық жетістіктер әлемнің түпкір-түпкірінде орналасқан университет оқытушыларымен байланысқа шығып, өзара пікір алмасып, халықаралық ынтымақтастықты күшейтіп отыр. Сондықтанда, бүгінгі оқытушы ғылыми ақпарат пен білімді таратушы мен түсіндіруші ретінде ғана емес,

сонымен қоса студенттің білім алуы мен оқу ісін шығармашылық тұрғыдан ұйымдастырушы ұстаз болуы тиіс.

Оқытушының кәсіби біліктілігі, оның педагогикалық қызметінің деңгейімен және даярлаған білім алушының дамуының деңгейімен анықталады. Яғни, білім алушының оқу барысында жеткен жетістіктері оқытушының кәсіби қызметінің нәтижесі болып табылады.

Әртүрлі жоғарғы оқу орындары оқытушыларының құзыреттіліктерінің көптігіне қарамастан бәріне ортақ басты әрі негізгі құзыреттіліктер бар. Және де бұл құзыреттіліктерге кез келген оқытушының кәсіби біліктілігі мен қасиеті сәйкес болуы тиіс. Өйткені осы құзыреттіліктердің негізінде қосымша жаңа құзыреттіліктер туындайды. Жоғары оқу орыны оқытушысының ғылыми-зерттеу, кәсіби, басқарушылық және қоғамдық қызметінің деңгейін бағалаудың критериялары ретінде төмендегілерді келтіруге болады:

- репродуктивті, бұл оқытушының өзі білетін және түсінетін нәрсені басқаларға түсіндіре алуы;
- адаптивті, бұл оқытушының өзінің хабарламасын аудиторияның ерекшеліктеріне бейімдей алуы;
- студенттердің білімін локальді-модельдеу, бұл оқытушының оқытылатын курс бойынша студенттердің оқу-танымдық қызметінде мақсатты анықтауға, міндеттерді қоюға, оларды шешу алгоритмін жасауға мүмкіндік беретін оқыту стратегияларын, білімдерді, дағдылар мен біліктіліктерге ие бола алуы;
- студенттердің мінез-құлқы мен қызметін жүйелі-модельдеу, бұл оқытушының өзінің пәні арқылы студентті тұлға ретінде тәрбиелеу, өзін-өзі көрсете алу және студенттің өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қалыптастыру құралына айналдыра біле алуы [8].

Бүгінгі күні еліміздің болашағы мен дамуына оқытушының оқытушылық пен ғылыми-зерттеу қызметтерінің қайсысы маңыздырақ, қайсысы басым болуы керек деген сұрақ жоғары білім беру жүйесінің ең маңыздыларының бірі болып отыр. Өйткені оқытушылық қызмет білікті мамандарды дайындау мен тәрбиелеу арқылы еліміздің экономикалық өсуін қалыптастырса, оқытушының ғылыми-зерттеу қызметі мемлекет пен қоғамымыздың даму әлеуетін қалыптастырады.

Соңғы жылдары ЖОО басшылықтары оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына аса көңіл бөлуін талап етіп отыр, өйткені университет оқытушыларының ғылыми басылымдары ЖОО-ның басылым рейтингісінің белсенділігін көрсетіп, әртүрлі «QS», «Times Higher Education», «Ұлттық рейтингтер», «ЖОО-ның бейінді рейтингі», «ARWU» секілді агенттіктер мен ұйымдардың жасайтын рейтингтеріне ілінуге мүмкіндік береді. «Халықаралық университеттер ассоциациясының» (WHED - World Higher Education Database) мәліметтер жинағы бойынша әлемде 18400 университет бар. Бірақ олардың ішінен 1000 университет ғана әртүрлі рейтингтерге кіреді. Сондықтанда еліміздің қатардағы ЖОО-ның бұл тізімінің бірінші жүздігіне кіруін былай қойғанда, жалпы тізімге ілінуінің өзі осал нәрсе емес. Өйткені рейтингтің мәселесі жоғары оқу орындарынан жан-жақты дамуын талап етеді. Оның ішінде университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары, университеттің инфрақұрылымының деңгейі, бітірушілердің жұмысбастылығы мен оларға деген жұмыс берушінің сұранысы, шет елдік білім алушылардың саны, оқытушылармен қызметкерлердің ғылыми еңбектеріне сілтеме мен дәйексөз алу көрсеткіштері бар. Ал бұның бәрін ЖОО-да жүзеге асыру көп күш-қуатты қажет етеді, турасын айтсақ, қомақты қаражат пен мемлекет тарапынан қолдауды талап етеді.

Осыған қарамастан, бүгінгі күні оқытушының қызметін ғылыми-зерттеу жұмыстарынсыз қарастыруға болмайды. Өйткені оқытушының оқу жұмысы мен ғылыми-зерттеу жұмыстары өзара байланысты және де оқытушының зияткерлік мәдениетін, білімін, инновациялық жаңашылдықтарды шығармашылық тұрғыдан игеру секілді кешенді іс-шараларды өзінің ұстаздық қасиеттері арқылы оқыту үрдісі барысында ендіру мен жүзеге асыруды көздейді.

Оқытушы, ең алдымен ғылымды оқу ісін ұйымдастыру үрдісінде әдістемелік құрал ретінде пайдаланып, зерттеу нәтижелерін өзінің жеке көзқарас тұрғысынан білім алушыларға ұсынуы тиіс. Ал білім алушылар білім алу үрдісі барысында өздерінің бастапқы әлеуетін біртіндеп ұлғайтып сол арқылы жаңа білім мен дағдыларды иемденеді [9].

Мұндай тәсіл оқытушыдан қолданатын ғылыми материалдарды жүйелендіріп, негізгі ойларды егжей-тежейіне дейін мұқият қарастырып ұсынылған жағдайда, міндетті түрде жаңа идеяның тууына әкелетіні сөзсіз. Өйткені, оқытушы білім алушыларды оқыту барысында ғылыми әдістемелерге сүйене отырып, логикалық ойлау, талдау, тұжырымдар мен деректерді жиынтықтау секілді үрдістерін қолдану қажеттіліктерімен жиі кездеседі.


Адамның мінез-құлығын орта қалыптастыратынын ескерсек, оқытушының мінез-құлығын университеттік орта қалыптастырады. Ал оқытушы өзінің ортасында нені көрсе соны өзінің оқытушылық қызметі мен ұстаздық тәжірибесінде тыңнан жасайды. Содықтанда оқытушының белсенді ғылыми жұмыспен айналысуы және соның нәтижесінде жаңа ғылыми білімді университеттік ортаға әкелуі оқытушының санасында ғылыми сананың қалыптасуын талап етеді. Ұстаздық кәсіби қызметте мұндай шығармашылық көзқарас оқытушының ғылыми және педагогикалық қызметін жақындататыны сөзсіз.

Сондай-ақ, ғылыми-зерттеу жұмысы ғылыми шығармашылықтың формасы болып табылады және оның ерекшелігі оқытушы әртүрлі ғылыми-педагогикалық әдістер мен еңбектерге сүйене отырып, өзінің қайталанбас жеке стилін қалыптастыруға мүмкіндігі бар. Мұндай да оқытушының түйсігі және оның жеке қасиеттері ғылыми қауымдастықпен талқыланып отырған, мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табуда маңызды рөл атқарады.

ЖОО-ның оқытушылары шетелдік, дәлірек айтқанда ағылшын тілінде ғылыми басылымдар мен ғылыми-зерттеу нәтижелерімен таныспай, қандай да бір ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, соның нәтижесінде жаңалық ашуды елестету мүмкін емес. Мәселен, Ульрихс (Ulrich's Periodicals Directory) мәліметтері бойынша әлемде 61 727 ғылыми журналдар қағаз баспа форматында жарық көреді, соның 36 983-і (60%) ағылшын тілінде [10].


Сондықтан да жоғары оқу орындарының оқытушыларына өздерінің ғылыми және педагогикалық қызметтің кәсіби тұрғыдан заманауи жаңашылдықтардың нәтижесі туралы жан-жақты ақпараттандырылып, жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін бір немесе бірнеше шет тілдерін үйрену міндет болып отыр.

Осыған орай, ЖОО оқытушылары арасында ағылшын тілін білу деңгейі туралы және сонымен қатысты кейбір ақпараттарды алу үшін сауалнама жүргізілді.



Сурет 2. ЖОО оқытушыларының ағылшын тілін білуінің деңгейі


Сауалнаманың нәтижелері бойынша ЖОО оқытушыларының 8,5% ағылшын тілін жоғары деңгейде, 40,5% орта деңгейде, ал 32,4% бастауыш деңгейде білетіндігін көрсетсе, 18,6% ағылшын тілін білмейтіндігін белгілеп отыр (сурет 2). Біздің ойымызша, ағылшын тілін жоғары білім беру саласында орта деңгейде білу өте төмен көрсеткіш. Өйткені елімізде шет тілін орта деңгейде меңгеру орта мектеп пен университеттің бірінші курс студенттері үшін шет тілдерін оқыту бағдарламасының базалық көлемімен шектелетіндігін көріп отырмыз. Ал бұл оқытушылардың әлемдік білім беру саласына интеграциялануына, ғылыми-зерттеу жұмыстары бағытындағы халықаралық жобаларға қатысуға мүлдем жеткіліксіз. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғанның дәйегі ретінде жоғары оқу орындарының оқытушыларының ғылыми жұмыстарды шет тілінде жазуға деген бейімділігінің төмендігін 3 суреттен көруге болады.



Сурет 3. Оқытушылардың ғылыми жұмыстарды жазудың тілдік бейімділігі

Респонденттердің жауабына сүйенсек ғылыми жұмыстардың басым бөлігі, яғни, 56,8% орыс, ал 41,2% қазақ, 1,7% ағылшын тілінде жазуға бейім екендігін көрсетіп отыр. Ғылыми зерттеу жұмыстарының басым бөлігі орыс тілінде жазылуы ЖОО оқытушыларының көбісі КСРО кезеңінде білім алған орыс тілді, орта және одан жоғары жастағы оқытушылармен түсіндіріледі. Ал 41,2% соңғы он жылда қазақ тілінде магистратура мен докторантураны бітірушілердің саны артып, жоғары білім беру саласына қосылғандығын көрсетіп отыр. Сонымен қатар, еліміздің жоғары оқу саласында шет елдерде білім алған оқытушылардың үлесі жоқ емес, ондай оқытушылардың көбісі «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасымен шет ел университеттерінде білім алғандар, олардың үлесі сауалнамада не бары 1,7% және 0,3% пайыздарды ғана құрап отыр. Әрине білім беру саласында университеттер арасында халықаралық бәсекеңің күшеюі, «Scopus» және «Web of Science» базаларында индекстелетін журналдарында басылымдардың артуы, халықаралық ғылыми-зерттеу гранттар санының ұлғайуына байланысты мұндай көрсеткіштер алаңдаушылық тудыратыны сөзсіз.

Осыған байланысты ЖОО оқытушыларының шет тілін үйрену мен жетілдіру мәселесі бірінші орынға шығып отыр. Қазіргі таңда ғаламдану мен ақпараттық технологиялардың ақпаратты тарату мүмкіндігінің артуына байланысты шет тілін үйреніп, жетілдірем деушілерге техникалық тұрғыдан ешбір кедергі жоқ. Алайда сауалнамаға қатысқан жоғарғы оқу орны оқытушыларының басым бөлігі, яғни 80,6%-ы бірінші кезекте шет тілін үйрену үшін бос уақыттың жетіспеушілігін көрсетіп отыр. Әрине, оқытушыларға оқу үрдісімен қатар, университет тарапынан әртүрлі тапсырмалардың берілуі бұл жағдайға түсіністікпен қарауды қажет етеді. Ал сауалнамада шет тілін үйренудің қажеттілігі бар деп санамайтындар 4,7% және шет тілін үйренуге құлшыныстың болмауы 1,1% пайызды белгілеп отырған оқытушылар өзінің ұстаздық тәжірибесінде қазақ және орыс тілінде білім алатын топтарды оқытумен шектелетіндер және орта жастан асқан үлкен оқытушыларды жатқызуға болады (сурет 4).



Сурет 4. Шет тілін (ағылшын) үйренбедің (оқымаудың) себебі

Білім беру үрдісіндегі ең маңызды мәселелердің бірі университет оқытушыларының оқу жүктемесінің көлемі болып отыр. Өйткені оқытушы қызметінің еңбек өнімділігі мен нәтижелігі осы оқу жүктемесінің көлемімен анықталады. Сонымен қатар, осы күнгі ЖОО басшылары оқытушылардың оқу жүктемесінің көлемін білім беру үрдісінің экономикалық тиімділігін арттырудың көзі ретінде қарастырып отыр. Алайда, мұндай көзқарас ақылға қонымды емес, себебі оқытушының оқу жүктемесі: оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және ұйымдастырушылық жұмыстарының жиынтығын құрайтын өзара байланысты күрделі жүйе болып табылады.

Еліміздің жоғары білім жүйесіндегі оқытушы қызметінің шынайы жағдайымен жұмысының өзектілігін анықтау мақсатында жоғары оқу орнының оқытушылары арасында сауалнама жүргіздік. Оқытушылардың университет қабырғаларында атқаратын қызметінің әртүрлілігіне қарамастан жүргізілген сауалнама сәйкес оқытушылар үшін жұмыстардың маңыздылығы бойынша реттілігі мынадай:


- Біріншісі, оқу жұмысы (дәріс, семинар/тәжірибе, лабораториялық сабақтарын жүргізу);
- Екіншісі, оқу-әдістемелік жұмысы (дәріс, семинар/тәжірибе, лабораториялық сабақтарына дайындық жүргізу, оқу және әдістемелік материалдарды дайындау);
- Үшіншісі, ғылыми-зерттеу жұмысы (ғылыми мақалаларды жазу, ғылыми конференцияларға, ғылыми-зерттеу гранттарына қатысу);
- Төртіншісі, тәрбие және ұйымдастыру жұмыстары.

Сонымен қатар, жоғарғы оқу орында оқытушыларының сауалнамасы бойынша 1 сағат аудиториялық сабақ жүргізу үшін орта есеппен 1 сағат пен 4 сағат аралығында оқу-әдістемелік дайындық жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Оның ішіне дәрістерді дайындау, семинар/тәжірибелік немесе лабораториялық сабақтарға арналған тапсырмаларды әзірлеу мен жаңарту, аралық бақылау және семестрлік аттестация тапсырмаларын дайындау, әр сабақты әдістемелік қамтамасыз ету, тақырып бойынша көрнекі құралдар мен материалдарды әзірлеу, оқыту үрдісіне техникалық құралдармен ақпараттық технологияларды пайдалануды ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу нәтижелерін тақырыппен ұштастыру жұмыстарын жүргізу, білім алушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мен тексеру, сабақтан тыс уақытында СҒЗЖ/МҒЗЖ-ны ұйымдастыру мен жетекшілік ету іс-шаралары кіріп отыр.

Еліміздегі ЖОО-да қалыптасқан дәстүрлі жұмыс күні 8 сағаттық жұмыс уақытына сәйкес оқытушы университетте аптасына 40 сағат өткізуі тиіс. Оқыту үрдісіндегі аптасына 40 сағат және 30 апта оқыту үрдісі жылына 1200 сағатқа тең. Оқытушылық қызметтің ерекшеліктері мен зияткерлік-шығармашылық бағытын ескере отырып, оқытушының оқу жылы уақытысын 1200 сағатты негізге ала отырып, уақыт пропорциясы мынадай түрде ұсынылады: оқу жұмысы жүктеменің 40%-нан артық емес немесе 450 сағат, оқу-әдістемелік жұмыс жүктеменің 40%-нан кем емес немесе 450 сағат, ғылыми жұмыс жүктеменің 20 %-дан кем емес немесе 240 сағат, тәрбие және ұйымдастырушылық жұмыс жүктеменің 5 %-дан артық емес немесе 60 сағатты құрауы керек.

Осыған орай, ЖОО оқытушыларынан күнделікті жұмыс уақыттарының жұмсалуды туралы сауалнама жүргізілді (сурет 5). Сауалнамаға сәйкес оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарға өз уақытысының 40%-нан артық емес және сәйкесінше 40 % кем емес жұмсайтын оқытушылар 11,1 % және 8,6 % құрады. Ал, жұмыс уақытысының 20 %-дан кем емес уақытысын ғылыми-зерттеу жұмысына 16,7 % және 5 %-дан артық емес уақытысын тәрбие және ұйымдастырушылық жұмысына жұмсайтындар құрады. Бұл көрсеткіштер оқытушы уақытысын тиімді пропорцияда пайдаланатындардың санының аздығын көрсетіп отыр. Жоғарыда айтылғандай, оқытушының сапалы әрі жоғары деңгейде сабақ беруі оның сабаққа дайындалу яғни оқу-әдістемелік жұмыстарына жұмсайтын уақытымен анықталады. Әрине оқытушының уақытын пайдаланудағы мұндай диспропорция жағдайында оқыту үрдісінде қандайда бір инновациялық әдістерді немесе жаңашылдықтарды өңдеп дайындап, білім алушыға ұсынудың өзі ақылға қонатын нәрсе емес.

Айта кетсек, университет үшін тәрбие және ұйымдастырушылық жұмыстары маңызды болса да, университеттің мәртебесін анықтайтын осы күнгі көрсеткіш – оқытушының ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы болып табылады. Бұл бағыттағы оқытушының жұмысы туралы объективті баға беру де күрделі мәселе. Өйткені сауалнамаға қатысқан оқытушылардың орта есеппен 5/1 ғана өздерінің ғылыми әлеуетін толығымен пайдалануға мүмкіндігі бар екенін көрсетіп отыр.



Сурет 5. ЖОО оқытушыларының жұмыс уақытысының жұмсалудың пайыздық (%) үлес көрсеткіші

Тұжырым

Қорыта келгенде, оқытушының оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділігін бағалау барысында, біздің ойымызша, оқытушылардың жұмыс істеу ортасы мен қазіргі жағдайы назардан тыс қалмауы тиіс.

Сонымен қатар, отандық білім беруді модернизациялау жағдайында оқытушының жұмысы аудиториялық оқытудан білім алушының өз бетімен дамуына және ізденісіне мүмкіндік беретін білім алу элементтерін оқыту жүйесіне ендірудің негізінде білім берудегі қалыптасып отырған жаңа бағыттылықты ескерсек, оқытушының қызметін ұйымдастыруда жаңа көзқарас пен жаңа тәсілдемені қажет етеді.

Өйткені білім алушының өз бетімен білім алуы, оқытушыдан оқу-әдістемелік, дидактикалық және рефлексивті материалдарды үнемі жаңартып отыруды және де ақпараттық технологиялар саласында білім мен дағдыларды талап етіп отыр.

Жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби қызметінің ұйымдастырылуы жағынан, күрделі әрі өзара байланысы бар, әртүрлі бағыттағы жұмыстарды орындаумен ерекшеленеді. Сондықтан да, оқытушылық бұл бірінші кезекте әртүрлі бағыттағы жұмыстарды ұштастыра біліп, бірнеше жұмыстарды қатарынан орындай отырып, сонымен қоса оқыту үрдісінде теориялық және практикалық кәсіби білімнің үйлесімдігін қамтамасыз етіп, ұстаз ретінде өзін-өзі дамыту әрі кемелдендіру қабілеттеріне ие болу.

Әдебиеттер тізімі

1. Сенашенко В.С. О некоторых проблемах жизни современного университета / В.С. Сенашенко // Университетское управление: практика и анализ. — 2012. — № 2. — С. 43–47.
2. Francis Riesa, Cristina Yanes Cabrerab, Ricardo González Carriedo. (2016). A Study of Teacher Training in the United States and Europe // The European Journal of Social and Behavioural Sciences EJSBS, Vol. XVII (eISSN: 2301–2218), 2031–2045.
3. Спасибо В. Как и за что платят американскому профессору / В. Спасибо // Проза.ру. — 2009. — С. 1–3.
4. Gulbahar Beckett, Juanjuan Zhao. (2013). Overworked and Stressed Teachers Under the Market Economy. // Spotlight on China. Changes in Education under China's Market Economy. Vol. 41, 2, 137–152.
5. Шибанова Е.К. Преподаватель высшей школы: герой нашего времени / Е.К. Шибанова // Преподаватель XXI века. — 2015. — № 2. — С. 35–38.
6. Балацкий Е. В. Как из высшего образования в России раздули пузырь. [Электронный ресурс] / Е.В. Балацкий // Капитал страны: Федер. интерн.-изд. — 2014. — Режим доступа: <http://kapital-rus.ru/articles/article/266318>
7. Бурковская Т.В. Трансформация университетов: образовательный процесс. Проблемы и пути развития / Т.В. Бурковская, Е.Н. Грибанов, М.И. Прокохина // Сб. Междунар. конф. «Решетневские чтения». — 2017. — С. 724, 725.

8 Бессонова А.Н. К вопросу о профессиональной компетентности преподавателя высшей школы / А.Н. Бессонова // Достижения вузовской науки. — 2013. — № 4. — С. 55–59.

9 Садыров Г.Ә. Бизнес үрдістерді дайындаудың концептуалды негіздері. / Г.Ә. Садыров, Г.Ә. Садырова, Г.Ә. Садыр, Н.О. Макашева // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. — 2019. — № 5/3. — Б. 292–296.

10 Кириллова О. В. О влиянии языка статей на показатели научных журналов в международных наукометрических базах данных / О.В. Кириллова // Научный редактор и издатель. – 2019. — Т. 4. — № 1, 2. — С. 21–33.

Г.А. Садыров, Г.А. Садыр, Г.А. Садырова, Г.А. Садырова, Н.О. Макашева

О некоторых аспектах преподавательской деятельности в сфере высшего образования

В статье рассмотрены изменения в характере экономической структуры и социально-экономических отношений, во многом преобразовавшие принятые ранее образовательные приоритеты, рыночные отношения в образовании, взаимоотношения научно-исследовательской работы и учебного процесса. Особое внимание уделено вопросам планирования рабочего времени преподавателя высшего учебного заведения, растущих требований к качеству обучения, вопросам технологических инноваций, научных и образовательных достижений в системе высшего образования. Изучена взаимосвязь педагогической и научно-исследовательской работы преподавателя, предполагающая применение в учебном процессе через уровни развития, такие как творчество, интеллектуальная культура и новаторство. Возможно преподавателю использовать свои научные достижения как методический инструмент при организации своей деятельности. Должным образом использовать такие научные процессы, как логическое мышление, анализ, выводы, сбор данных, основанных на научных методах в процессе обучения студентов. Авторами проанализированы особенности организации учебного процесса, научно-исследовательской работы преподавателей, об инновационных достижениях в вузах зарубежных стран. Влияние организационной работы вуза на эффективность и результативность научно-исследовательской и педагогической деятельности преподавателя. На основе анкетирования определена значимость и роль иностранного языка в научно-педагогической деятельности преподавателя университета. Проведенное анкетирование выявило сложный взаимосвязанный комплекс диспропорций преподавательской нагрузки, которая не позволяет преподавателю полностью реализовать свои научно-исследовательские возможности. Авторы статьи приходят к выводу, что для активизации научно-исследовательского потенциала преподавателя вуза необходимы новые подходы к организации деятельности преподавателя в вузе.

Ключевые слова: учебная нагрузка, научно-исследовательская работа, преподавательская деятельность, высшие учебные заведения, компетенции, образование, процесс обучения, учебно-организационная работа, качество обучения, квалификационный уровень преподавателя.

G.A. Sadyrov, G.A. Sadyr, G.A. Sadyrova, G.A. Sadyrova, N.O. Makasheva

On some issues of teaching activities in the field of higher education

The article examines the changes in the nature of the economic structure and socio-economic relations in the higher education system. Accepted educational priorities, market relations in education, relationship between research work and the educational process are analyzed. Particular attention is paid to the issues of planning the working time of a teacher of a higher educational institution. The article considers the growing requirements for the quality of education, issues of technological innovations, scientific and educational achievements in the higher education system. The article considers the relationship between pedagogical and research work of a teacher, which assumes application in the educational process through the levels of development such as creativity, intellectual culture and innovation. The ability of the teacher to use their scientific achievements as a methodological tool in the organization of their activities is also considered, as well as the proper use of such scientific processes as logical thinking, analysis, conclusions, data collection based on scientific methods in the process of teaching students. The article analyzes the peculiarities of the organization of the educational process, the research work of teachers, the innovative achievements in universities of foreign countries, and the influence of the organizational work of the university on the efficiency and effectiveness of research and pedagogical activity of a teacher. On the basis of the questionnaire, the significance and role of a foreign language in the scientific and pedagogical activity of a university teacher is determined. The survey revealed a complex interrelated set of teaching load imbalances, which in turn does not allow the teacher to fully realize their research capabilities. The authors of the article come to the conclusion that to activate the research potential of a university teacher new approaches to the organization of the teacher's activities in the university are necessary.

Keywords: academic load, research work, teaching activity, higher educational institutions, competencies, education, learning process, educational and organizational work, quality of education, qualification level of the teacher.

References

- 1 Senashenko, V.S. (2012). O nekotorykh problemakh zhizni sovremennogo universiteta [On some problems of the life of a modern university]. *Universitetskoe upravlenie: praktika i analiz*, 2, 43–47 [in Russian].
- 2 Francis Riesa, Cristina Yanes Cabrerab, Ricardo González Carriedo. (2016). A Study of Teacher Training in the United States and Europe. // *The European Journal of Social and Behavioural Sciences EJSBS*, Vol. XVII (eISSN: 2301–2218), 2031–2045.
- 3 Spasibo, V. (2009). Kak i za chto platiat amerikanskomu professoru [How and for what the American professor is paid]. *Proza.ru. — Prose.ru*, 1–3 [in Russian].
- 4 Gulbahar Beckett, Juanjuan Zhao. (2013). Overworked and Stressed Teachers Under the Market Economy. // *Spotlight on China. Changes in Education under China's Market Economy*. Vol. 41, 2, 137–152.
- 5 Shibanova, E.K. (2015). Prepodavatel vysshei shkoly: geroi nashego vremeni [High school teacher: a hero of our time]. *Prepodavatel XXI veka*, 2, 35–38 [in Russian].
- 6 Balackij, E.V. (2014). Kak iz vysshego obrazovaniia v Rossii razduli puzyr [How the Bubble Was Inflated from Higher Education in Russia]. *Kapital strany: Federal'noe internet-izdanie* — Retrieved from <http://kapital-rus.ru/articles/article/266318> [in Russian].
- 7 Burkovskaya, T. V., Griбанov, E. N., & Prokikhina, M. I. (2017). Transformatsiia universitetov: obrazovatelnyi protsess. Problemy i puti razvitiia [Transformation of universities: educational process. Problems and ways of development]. *Sbornik Mezhdunarodnoi konferentsii «Reshetnevskie chteniia»*, 724, 725 [in Russian].
- 8 Bessonova, A.N. (2013). K voprosu o professionalnoi kompetentnosti prepodavatel'ia vysshei shkoly [On the Question of the Professional Competence of a Higher School Teacher], 4, 55–59 [in Russian].
- 9 Sadyrov, G.A., Sadyrova, G.A., Sadyr, G.A., & Makasheva, N.O. (2019). Biznes urdisterdi daiyndaudyn kontseptualdy negizderi [Conceptual bases of preparation of business processes]. *Qazaqstannyn gylmy men omiri*, 5/3, 292–296 [in Kazakh].
- 10 Kirillova, O.V. (2019). O vlianiiazyka statei na pokazateli nauchnykh zhurnalov v mezhdunarodnykh nauko-metricheskikh bazakh dannykh [On the influence of the language of articles on the indicators of scientific journals in international scientometric databases]. *Nauchnyi redaktor i izdatel*, 4, 1–2, 21–33 [in Russian].